

2012 жылы республикалық бюджеттен алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына берілген бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 519 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 193-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. «2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2011 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 036 «Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына берілген 12200000000 (он екі миллиард екі жүз миллион) теңге сомасындағы бюджеттік кредит қарыз алушының корреспонденттік шотына кредит аударылған күннен бастап игеру кезеңін 6 (алты) жылға өзгерту бөлігінде қайта құрылымдалсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы кредиттік шартқа тиісті қосымша келісім жасасуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы оған қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*